

R. N. БЕГАЛИЕВА

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕ ГАДАМГЕРШІЛК ТАҒЫЛЫМЫ

Ұрпақ тәрбиесіне ерте кезден-ақ ерекше мән берген дана халқымыз баласына болашақта елімнің арка сүйер азаматы, келешегімнің иесі, ғұмырымның жалғасы деп қараған. Жастайынан ел қамын ойлайтын, отансүйгіш, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыруға тырысқан. Жаңа туылған сәбиге бесік жырын жырладап, тілі енді шыққан балаға жаңылтпаш үйретіп, ертегі айтып, мақал-мәтел, эпостық жырлар, шешендік сөздерді сініре отырып ұрпағын тәрбиелеген.

Қазақ халқы шешендік сөздерге өте бай. Шешендік сөздер — ел құралып қалыптаста бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағалары болған да-нышпандардың, жастайынан жалындан өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздері [1;32-33]. Халық сыйынан, ғасыр шындауынан өткен ұлы көшпелі қазақ қоғамында би-шешендер көп болған. Олар дауласқан даугерлерді, жауласқан жаугерлерді бір ауыз сөзбен тоқтатқан. Қазіргінің жастары осындағы ділмарларымыздың шешендік сөздері түгілі, есімінде біле бермейтіндігі жанынды қүйзелтіп, қажырынды мұқатады. Мұндай олқылықтарға жол бермес үшін алмастай өткір, адамгершілкке тәрбиелейтін ойлы сөздерді тарих, әдебиет, құқық пәндерінің оқулықтарына көптеп енгізуіміз қажет. Филологияғылымдарының докторы Нысанбек Төрекұл ағамыз «Даланың дара ділмарлары» атты кітабының алғы сөзін-де: «Ежелден келе жатқан аталы дәстүріміз – ше-шендік өнердің кайта қалпына келтіріп, оны жана талап, жаңа мақсатқа сай иғлігімізге айналдырып, ұрпақ тәрбиелу ісіне, болашақ мұддесіне пайдалану ләзім... Би-шешендердің өмір жолдары мен кезінде айтқан билік қағидаларын мектеп жасынан бастап дәріс ретінде үйретсек, жоғарғы арнаулы окуорындарында сабак, лекция оқылса нұр үстіне нұр болар деген ойдамыз» – деп көрсетеді [2;8-11].

Ата-бабамыздан мұра болып қалған бұл шешендік сөздерде халық даналығы мен кемен-герлігі жарқырап тұрады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтіре кетейік.

Қазактар арасына ғана емес, қырғыз, өзбектерге де белгілі әрі беделді шешен болған Бөлтірік Әлменұлы:

Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
Астамшылық деген бар, одан алыс жур.

Сарандық деген бар, одан қалыс жур.
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Бәлекорлық деген бар, одан ада бол,
Інсапсызыңдық деген бар, содан аман бол [2;346], –
деген өлең жолдары арқылы қалың көшпілік жанының осы жеті жаманнан аман болуын өсiet етеді.

Немесе, Есей бидің мына нақыл сөзіне назар аударыңызышы:

Осиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол.
Кедеймін деп нальынба,
Арынды сатып жалынба.
Бұл атаңнан қалған арық
Егін ек те бол қарық.
Атаңынң ботасын алма, батасын ал,
Бота еліп қалады, батадан бағың жанады.
Ит жақсыны да, жаманды да қабады.
Жалақор өз жазасын өзі табады.
Ағайынмен жауласпа,
Басың азаяды.
Көршіңмен дауласпа,
Асың азаяды.
Етегің түріп елге жет,
Терің төгіп еңбек ет [2;193]

Тұнып тұрган тәрбие. Өрбір жолы адамгершілікке, бірлікке, еңбексүйгіштікке шақырады. Жиіркенішті, женілtek қасиеттерден аулақ болуға үндейді. Бұл ой төре әрі төбе біміз Төле Әлібек-ұлының өсietті өлең жолдарында да кездеседі:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса өзен бойын жағала
Басыңа іс түссе көшпілікті сагала.
Фіңе-өзің көміл бол.
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол!
Досыңа адад бол! [2;128].

Осындағы өнегелі асыл мұрамызды ұрпақ тәрбие сіне пайдалану ұлағатты ұстаздарымыздың борышы. Оқу орнында шешендіктің мәнін жанжақты ұғындыратын әртүрлі әдеби іс-шаралар мен әдіс тәсілдердің қолдануға болады. Каламыздағы Т.Рысқұлов атындағы №25 этнопедагогикалық мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәннің оқыту-

шыларымен бірге мына тәсілдерді қолданып көрдік.

Ұлттық бірлігімізді сактауға зор әсерін ти-гізген данагейлеріміздің тұлғаларын қастерлі қойылымдар мен сахналық көріністер арқылы оқыттық. Өйткені, балалардың мінез-құлқын қалыптастырып, олардың білімін дамытуда сахналық шығармаладың эмоци-ялық әсері мол болады. Окушыларды рөлдерге бөлдік. Бірін – автор, бірін – ақылшы би, ал бірін – ақыл сұраушы еттік. Балалар бұл әдісті ерекше қабылдады, окушылардың өздеріне рөлдерге беліп оку ұнап жатты.

Сол сиякты, аталмыш әдісті құқық сабағында сот сабағы ретінде өткіздік. Біз қолданған әдіс өз нәтижесін берді. Окушылардың көnlінен шықты, пәнге деген қызығушылығы арта тусты.

Б.Қалимұқашева өзінің «Шешендік өнерді оқытудың дидактикалық принциптері» атты мақаласында: «Шешендік сөз үлгілерін оқытуда көрнекілік принципін қолданғанымыз жөн» [3;23], – дейді. Бұл пікірге біз де қосыламыз. Себебі, сабакта бишешендердің сурет-бейнелерін, өнер қайраткерлерінің дауысымен жазылған шешендік сөздердің ұнтаспаларын пайдалансақ, окушылардың қызығушылығы мен өнерге деген қабілетін артырады.

Келесі әдісіміз — семинар пікірталас сабактарын ұйымдастыру. А.Қыдырашев «Шешендіктің негіздерін оқыту формалары» деген мақаласында: «Оқытудың белсенді формаларына коммуникативтік ойын, семинар пікірталас сабактарын жаткызуға болады» [4;25], – дейді. Бұл әдісті 10-11 сыныптар арасында қолдандық. Әдістің өз нәтижесін бергендейгін практикалық бақылау кезінде байқадық. Окушылар өз ойларын жеткізуге тырысып бақты. Әдісті пайдаланғанда балалардың ойлау деңгейі дамып, өзіндік пікірі қалыптаса бастады.

Шешендік сөздерді окушыларға оқытып шыққаннан кейін, егер сен сол бидің орнында болсаң не етер едің, кандай шешім шығарар едін? деген проблемалық сұраптар қою арқылы шығарма жаздырысаныз ол баланың ойлау қабілетін дамытады. Шығармашылық қабілет ер баланын табигатында бар

қасиет. Мұғалімнің міндеті — окушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашу. Біз бұл әдісті әдебиет сабағында қолдандық. Окушылар өздерінің ойларын жеткізуге тырысып, түрлі пікірлерін қағаз бетіне түсірді. Әдістің тиімділігі біріншіден — окушылардың ойлау қабілетін дамытады, екіншіден — сөздік қорын байытады.

Жоғарыда айтылған әдістердің тиімді екенине практикалық бақылау барысында көз жеткіздік.

Шешендік сөздер – халқымыздың өзіне тән табиғи дарындылығын көрсететін мәдени мұрамыз. Ол ғасырлар бойы халқымызben бірге жасасып келе жатыр. Ата-бабаларымыз көне замандарда шешендікті екінші біріне қона бермейтін қасиет, дарын санап, қоғамға қажетті өнер деп бағалап, оны күнделікті тәрбие арқылы ұрпақ санасына сініріп отырған. Бұғаңға тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын ұлтжанды, адамгершілігі мол, жігерлі, рухани бай, парасатты етіп тәрбелеуде шешендік өнер баға жет-пес құндылығымыз десек артық айтпаған болар едік. Тілімізді, өнерімізді, дінімізді насиҳаттап, болашақ ұрпақты халықтық тәрбиемен сузынната есіреміз десек, шешендік сөздердің маңызы ерекше. Сондықтан, бишешендеріміздің даналық сөздерін болашақ ұрпаққа оқытудың түрлі тиімді әдіс-тәсілде-рін қарастыру біздің мақсатымыз екендігін естен шығармамызыз керек.

ӘДЕБІЕТ

1. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Оқу құралы. Алматы, 2001.
2. Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. Алматы, 2006.
3. Қалимұқашева Б. Шешендіктің негіздерін оқыту формалары // Бастауыш мектеп. 1999. №10.
4. Қыдырашев А. Шешендіктің негіздерін оқыту формалары // Қазақстан мектебі. 2001. №5.